

ӘОЖ 81'271.2:316; МҒТАР: 16.21.27

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.14>**З.Р. КУРМАНБЕКОВА¹, Қ.Қ. САРЕКЕНОВА², К.Т. МАЛИКОВ³**¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: kurmanbekova.zulfiya@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: sareke.kk@gmail.com³филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: k.malikov@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ТІЛІНІҢ МӘДЕНИЕТІ

Аңдатпа. Бұл мақалада әлеуметтік желі тілінің мәдениеті туралы қарастырылады. Қазіргі кезде тілші ғалымдардан бастап, жалпы зиялы қауымға дейін әлеуметтік желідегі тіл мәдениетіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында дабыл көтеруде. Өйткені әлеуметтік желінің қарқынды қолдануымен тіл мәдениеті сақталмайтын жағдайлар ғаламтор желісінде жиі ұшырасады. Мақалада әлеуметтік желідегі тіл мәдениеті, оған кері әсерін тигізетін факторлар, сыпайы сөйлеу мен қарама-қарсы ұғымда сөйлеу агрессиясы (дәрекілік), фейк, спам, троллинг, кибербулинг жайында сөз қозғалады.

Мақалада әлеуметтік желінің тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Бұл тілдік ерекшеліктерге шетелдік лексика мен жаргон сөздерді кеңінен қолдану жатады. Сөздердің екі тобы да қарым-қатынастың бірыңғай құбылысын қалыптастыруда белсенді қолданылады. Кез келген тіл сияқты, әлеуметтік медиа тілі әдеби лексиканы да, қолданудың шектеулі салаларын да қамтиды: сленг және жаргон. Оның басты айырмашылығы – шетел лексемаларының негізгі бөлігі қазақ және орыс тілдерінде жоқ жаңа ұғымдарды атамай, қайталайды. Интернетті пайдаланушылар арасында танымал болған сөздердің көпшілігі американизмдер. Әлеуметтік желілердің сөздік қорын талдау бұл процестің тек күшейе түсетінін көрсетеді. Аталған ерекшеліктердің әрқайсысының көріну жолдары, тілдік деңгейлерге әсері сөз болады.

Бұл мәселелерді ғылыми қарастыру әлеуметтік желі қатынасындағы тілдік тәжірибеде де берері мол болмақ.

Кілт сөздер: сөйлеу мәдениеті, әлеуметтік желі, сөз (сөйлеу) этикеті, желілік этикет, сыпайылық категориясы, сөйлеу агрессиясы.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Курманбекова З.Р., Сарекенова Қ.Қ., Маликов К.Т. Әлеуметтік желі тілінің мәдениеті // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 167–178. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.14>

***Cite us correctly:**

Kurmanbekova Z.R., Sarekenova Q.Q., Malikov K.T. Aleumettik jeli tilinin madenieti [On the Culture of Speech of Social Networks] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1(127). – B. 167–178. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.14>

Z.R. Kurmanbekova¹, K.K. Sarekenova², K.T. Malikov³

¹*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: kurmanbekova.zulfiya@mail.ru*

²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University*

(Kazakhstan, Astana), e-mail: sareke.kk@gmail.com

³*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor*

*L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: k.malikov@mail.ru*

On the Culture of Speech of Social Networks

Abstract. This article will focus on the culture of the language of social networks. Currently, starting from linguists to the intelligentsia in general, the alarm has begun to sound in the media regarding the language culture in social networks. After all, with intensive use of the social network, situations often arise on the Internet when the language culture is not supported. The article will focus on the culture of language in the social network, factors that negatively affect it, polite speech and contradictory concepts of verbal aggression (rudeness), trolling, cyberbullying.

This article is devoted to the linguistic features of social network. These language features include the extensive use of foreign vocabulary and slang words. Both groups of words are actively used in forming a single phenomenon of communication. Like any language, the language of social media includes both literary vocabulary and limited areas of use: slang and jargon. The main difference is that the main part of foreign lexemes repeats new concepts that do not exist in the Kazakh and Russian languages. Most of the words that have become popular among Internet users are Americanisms. Analysis of the vocabulary of social networks shows that this process is only intensifying. The ways of manifestation of each of the listed features, the influence on language levels will be discussed.

Scientific consideration of these issues will be reflected in the language practice of social networks.

Keywords: Culture of speech, social networks, speech etiquette, network etiquette, speech politeness, speech aggression.

З.Р. Курманбекова¹, К.К. Сарекенова², К.Т. Маликов³

¹*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: kurmanbekova.zulfiya@mail.ru*

²*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: sareke.kk@mail.com*

³*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: k.malikov@mail.ru*

О культуре речи социальных сетей

Аннотация. В этой статье речь пойдет о культуре языка социальных сетей. В настоящее время начиная от ученых-лингвистов до интеллигенции в целом, начали бить тревогу в средствах массовой информации, касательно языковой культуры в социальных сетях. Ведь при интенсивном использовании социальной сети часто в сети Интернет возникают ситуации, когда языковая культура не поддерживается. В статье речь пойдет о культуре языка в социальной сети, факторах, негативно влияющих на нее, вежливой речи и противоречивых понятиях речевой агрессии (хамство), троллинга, кибербуллинга.

В статье рассматриваются языковые особенности социальной сети. Эти языковые особенности включают широкое использование иностранной лексики и сленговых слов. Обе группы слов активно используются при формировании единого явления общения. Как и любой другой язык, язык социальных сетей охватывает как литературную лексику, так и ограниченные области использования: сленг и жаргон. Его главное отличие состоит в том, что основная часть иностранных лексем повторяет, не называя новых понятий, которых нет в казахском и русском языках. Большинство слов, которые стали популярными среди пользователей интернета, – это американизмы. Анализ словарного запаса социальных сетей показывает, что этот процесс только усиливается. Речь идет о способах проявления каждой из перечисленных особенностей, влиянии на языковые уровни.

Научное рассмотрение этих вопросов будет отражено и в языковой практике социальных сетей.

Ключевые слова: культура речи, социальная сеть, речевой этикет, сетевой этикет, речевая вежливость, речевая агрессия.

Кіріспе

Әлеуметтік желі тілі шынайы тілдік факт ретінде қоғамдық санамызға әбден енді. Қазіргі қазақ тілі өзге де тілдер тәрізді әлеуметтік желіде белсенді пайдаланылады. Әлеуметтік желі тілі адамдар қарым-қатынас жасайтын жаңа қатынас – виртуалдылықты тудырды, әлеуметтік желінің ерекшелігіне сай тіл де соған бейімделіп жаңаша сипат ала бастады. Әлеуметтік желінің қарқынды қолдануымен тағы бір мәселенің шеті көрінгені жасырын емес, ол – тіл мәдениеті сақталмайтын жағдайлардың уақыт озған сайын жиі ұшырасуы. Осымен байланысты ғаламтор тілінің мәдениеті туралы сөз қозғайтын сәт жетті деп санаймыз, желі қолданушыларының санасында осы ұғым жайында және ғаламтор әдебі, оған кері әсерін тигізетін факторлар, сыпайы сөйлеу мен қарама-қарсы ұғым сөйлеу агрессиясы (дәрекілік), троллинг, кибербулинг жайында ақпарат қалыптастыру қажеттігі туындайды. Бұл мәселелерді ғылыми қарастыру әлеуметтік желі қатынасындағы тілдік тәжірибеде де берері мол болмақ. Көптеген желі қолданушылары осыны білмегендіктен немесе түйсінбегендіктен, қарым-қатынас барысында қалай болса солай сөйлейді/жазады. Бұл мақала жалпы тіл мәдениетінің ғаламтор пайда болғалы оның құрамдас бөлігіне айналуы тиіс осындай ғаламтор тілі, соның ішінде әлеуметтік желі тілінің мәдениеті мәселелеріне арналады.

Тіл мәдениеті – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру [1, 24–25-бб.].

Тілші ғалымдардан бастап, жалпы зиялы қауымға дейін әлеуметтік желідегі тіл мәдениетіне қатысты бұқаралық құралдарда дабыл көтеріп жатқаны шындық. А. Үдербаев қазақтілді ақпараттық технологияның дамуын сөз ете отырып, компьютерліктіл (сленг, жаргон, т.б.) тәрізді құбылыстарға, тілбұзарлық үрдістерге барынша сергек қарағанымыз абзал дейді [2]. Журналист Ұ. Сәйдірахмен «Бүгінгі қазақстандық БАҚ бұқаралық па?» атты мақаласында БАҚ-тың қоғамдық санаға тигізетін әсерін және ғаламтордағы қатынастың өзіне тән белгілерін атай отырып, Интернет-редакцияны (автордың өз қолданысы бойынша – З.Қ.) жетілдіруді ұсынады. Оның ойынша, Интернет-редакция өз алдына дербес ұжым болу керек; ол «қалдық принципімен» тек репутация үшін қаржыландырылмауы керек. Сонда ғана ғаламторды пайдалана отырып, конвергентті хабар таратудың әлемдік тәжірибесіне қосылу мүмкіндігі болады [3]. Келесі бір тіл жанашыры Е. Байтілес «Желі мен желім» мақаласында әлеуметтік желіге қатысты біраз мәселелерді көтерген. Өмірден мынадай оқиға келтіреді:

«Жарық сөніп қалып, жарықпен бірге интернет өшіп, үйдегі адамдар екі сағат бойы әңгімелеседі. Сөйтсек, өздері жап-жақсы кісілер екен». Бұл әзіл болса да, бүгінгі күннің шындығы екендігін бәріміз мойындаймыз. Өйткені көптеген адамдардың таңертең ұйқыдан оянған сәттен бастап, түнде көзі ұйқыға ілінгенше ермек ететіні – осы әлеуметтік желі. Кішкентай баладан бастап, еңкейген қарияға дейін әлеуметтік желінің әлемін бір кісідей меңгеріп алды. Бұл жағдай орындалғаны үшін, әрине, адамдарды кінәлай алмаймыз. Заман талабы, уақыт ағымы деген дүниелер бар. Сондықтан жаңа заманның сөйлесу тәсілін қайтсек те жоққа шығара алмайтынымыз анық. Осы тектес пікірлерін жаза отырып, Е. Байтілестің жасаған түйініне назар аударсақ: «Қаласаңыз да, қаламасаңыз да қоғам әлеуметтік желілерге желімденеді. Дүние күйіп бара жатса да, желілерге көз қырын салып, виртуалды өмірден алшақтамайтындар саны күн өткен сайын артып келеді. Енді бізге осы құбылысты мәдениетті, сапалы, ұлт пен мемлекетке пайдалы жағынан қолдану керек» [4].

Осындай пікірлердің арасында әлеуметтік желі тілінің мәдениетін көтеру барысында айтылатын нақты ұсыныстар да жоқ емес, соның бірі – Іntil жобасын іске қосу. Жоба бес қағидаға негізделген: 1) жазу формасы ретінде латын графикасын алу; 2) жазуды қазақ тілінің ішкі заңдылықтары мен шарттарына негіздеу; 3) жүйелілік; 4) ықшамдылық (қысқа әрі нұсқа); 5) дәлдік [5].

Зерттеу әдістері

Мақала материалдары қазақтілді әлеуметтік желілерден алынды, Facebook, Вконтакте, веб-парақшаларындағы жазбалар, диалогтар, комментарийлер пайдаланылды. Мақалада тілдік мысалдарды талдау, салыстыру, сипаттау, танымдық тұрғыдан баяндау әдістері қолданылды. Кейбір сөздердің шығу төркінін анықтау мақсатында ғылыми әдебиеттермен қоса түсіндірме сөздіктер, ғаламтор желілеріндегі ақпарат пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

Ғаламтор тіліндегі ең бір теріс фактор – әдеби тіл нормасының бұзылуы, сөйлеу этикетінің төмендеуі, ешқандай уәжсіз шеттілдік сөздердің (варваризмдер) қолданылуы.

Қарапайым мысал ретінде төмендегі әлеуметтік желіден алынған диалогтарға назар аударайық:

I түрі

- Сәлем досым, хал қалай?
- Шүкір, жақсы, өзің қалайсың?
- Бүгінгі кешке дайындығың қалай?
- Ата-анам жұмыстан келгесін баратын болдым.
- Жарайды, ендеше кешікпе, күтеміз!
- Кездескенше!

II түрі

- Салам кент каксын
- тема озин
- тема гой че там кешке неустейсин келесинба
- проблема кеш барам
- дывай кешикпе ждем

Зер салып қарасақ, диалог жасаушы екі адамның сауаттылығы мен мәдениет деңгейін байқай аламыз. Сіздің ойыңызша қай сөйлесушілердің қарым-қатынасқа түсуі көңіл толтырады? Әрине, бірінші. Олай болатын себебі, көзге тартымды, ықыласпен жауап бергендігі, жоғары тілдік құзіреттілігі көрінеді. Тыныс белгісі қойылған, түсінікті. Екіншісі жайында бұлай айта алмаймыз.

Қарапайым осы мысалды келтіруден шығатын қорытынды: әлеуметтік желі қатынасында да тіл мәдениетін сақтап, сыпайы сөйлесуге болады.

Түптеп келгенде, әлеуметтік желі бізді сауатсыздыққа үйретпейді, оның ондай қауқары да жоқ. Кінәрат – қолданушыларда. Анығында, әлеуметтік желі пайда болғалы адамдардың тіл мәдениетіне, сөйлеу, жазу мәдениетіне жеткілікті көңіл бөлмеуде. Орынсыз сөзжасамға үйірсектеу, сөздерді орынсыз қысқарту, өзге тілдерді қазақ тілімен араластырып, тілді шұбарлау сынды олқылықтар орын алуда. Осының барлығы ана тіліміздің абыройына нұқсан келтіріп қана қоймай, оның қолдану аясын тарылтуға да себепкер болуы мүмкін екендігін ескеруіміз керек. Әсіресе, оң мен солын енді ажырата бастаған жастар қауымы үшін тілді сақтау, норманы жетік білу, жалпы тілдік құзіреттілік жоғары болуы тиіс.

Тілді орынсыз шұбарлау әлеуметтік желіде бұрмаланған сөздердің (эрративтер) көптігінен көрінеді. Эрративтер екі деңгейден тұрады: бірінші және екінші. Біріншісіне ауызша сөйлеу формасын қалыптастыру, жазбаша норманы бұрмалау жатса, екіншісіне сөз, сөйленімдердің гипербұрмаланған, қиын айтылатын түрлері енеді. Мысалы, жиі қолданылатын «красавчик» сөзі екінші деңгейде «красафчек» болып бұрмаланады. Қазақтілді желілерде эрративтердің орысша нұсқалары жиі кездеседі.

Осындай жолмен бұрмаланған сөздер, әрине, тіл мәдениетіне жат. Әдеби нормадағы сөздер әркімнің айту ыңғайына қарай бұрмалана берсе, содан барып жалпыадамзатқа, білімді, сауатты тұлғаларға мүлде түсініксіз сөйленіс түрі пайда болса, ғаламтор кеңістігінде «падонковтық субмәдениет»-тің қалыптасуы әбден мүмкін.

Оның барлығы түптеп келгенде ана тіліміздің абыройына нұқсан келтіріп қана қоймай, әсіресе, оң мен солын енді ажырата бастаған жастар қауымын тіл бұзуға, сауатсыздыққа бастайтыны шындық.

Әлеуметтік желідегі тіл мәдениетінің осылай шұбарлануының себебі неде? Әрине, ең әуелі ғаламтор тілі мәдениетінің қалыптаспауында. Ғаламтор тілінің мәдениеті, оны құрайтын құрамдас бөліктер нелер болмақ, біз енді ғылыми тұрғыдан осы мәселелерге назар аударамыз.

Ғаламтор тілі мәдениетінің басты ұғымы сөз (сөйлеу) этикетімен тығыз байланысты. Жалпы адам баласы табиғаттың ғана емес, қоғамның да жемісі. Адам белгілі бір қоғамның мүшесі ретінде мәдени, саяси, әлеуметтік, экономикалық, т.т. сан алуан қарым-қатынаста өмір сүреді. Кез келген адам күнделікті өмірде белгілі бір әлеуметтік рөлді атқарады: қоғамдық көлікке мінсе – жолаушы, дүкенге кірсе – сатып алушы, жұмыста – маман, қызметкер, үйге келгенде – ата-ана, т.т. Әлеуметтік желі пайда болғалы бәріміз желі қолданушысына айналдық. Осындай әлеуметтік рөлге қарай біз сөз саптаймыз, тілді қолданамыз. Адам мәдениетті болған сайын оның қарым-қатынас жасау мәдениеті де жоғары болып, өзіне жүктелген қоғамдық-әлеуметтік міндетті мінсіз атқарады.

Сөйлеу этикетінің ерекшеліктері тек қана лингвистика емес, басқа ғылымдар да зерттейтін мәселе. Әлеуметтануда этикет оның ұжымның әлеуметтік құрылымымен өзара байланысы тұрғысынан зерттеледі. Семиотика этикетті таңбалық жүйе ретінде қарастырады. Психологияда этикеттің қарым-қатынас барысындағы рөлі қарастырылады. Философия шеңберінде этика сыпайылық, құндылық, ұжым мен жеке тұлға, мораль категориялары тұрғысынан зерттеледі. Этнография түрлі халықтардың дәстүрін, салт-санасын, қоғамдық ғұрыптарын зерттейді. Қазақ сөз этикеті мәселелеріне арналған еңбектер де бар [6].

Этикет – философиялық, этикалық ұғым, адамдардың белгілі бір ортадағы орныққан тәртіпке сәйкес бір-бірімен қарым-қатынас жасауының ережелері. Ол белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада өмір сүреді. Адамдардың қоғамның өзге мүшелерімен, әлеуметтік ортамен, ұжыммен қарым-қатынасы орныққан этикет нормалары арқылы реттеліп отырады [6, б-б.].

Ерекше коммуникативтік орта – ғаламтордың пайда болуы дәстүрлі этикет ережелерін қатынастың жаңа формасына икемдей бастады. Кеңістік-уақыттық шектеулердің болмауы, көптеген ғаламтор қолданушыларымен синхронды және асинхронды қарым-қатынас жасау

мүмкіндігі, жоғары дәрежедегі анонимділік және Интернет-қатынастың адам қызметінің барлық салаларында қолданылуы ерекше желілік этикеттің (=сетикет, нетикет) пайда болуына әкелді. Әрине, желілік этикет өзінің бастауын дәстүрлі қарым-қатынас қағидаларынан алады, сонымен бірге қатынасты жүзеге асыруға арналған түрлі интернет-платформалардың мүмкіндігі ықпалынан ережелердің өзгерісі де орын алып отыр.

Сөйтіп, әлеуметтік желі тілінің күнделікті өмірімізде қарқын алуы іштей желілік этикетті тудырды және оны «нетикет» деп атаушылық кездеседі. Сөйлеу мәдениетінің дөрекіленуі мен арзанқолдылық (жұтаңдық) сипат алуына әлеуметтік желі де, сондай-ақ одан тыс факторлар да әсер етеді. Әлеуметтік желіден тыс факторларға әлеуметтік және психологиялық (жекелеген адамдардың психологиялық күйі) мәселелерді жатқызар едік, олардың қатарына жеке адамның сауаттылық деңгейі, тәлім-тәрбиесі, жеке адамдардың эмоциялық жай-күйі, тілдік құзіреттілігі тәрізді, т.т. енеді. Осы орайда көбінесе теріс жақтарын айтуға мәжбүрміз: жастар арасындағы сауатсыздық, тәрбиенің олқылығы, эмоционалдық тұрғыдан жекелеген адамдардың өзін-өзі ұстай алмауы (ұстамсыздық), ана тілін терең меңгермеу, т.б. Мұндай теріс әсерлер әлеуметтік желі тілін тұрпайылыққа, оның арзанқолдық сипатының күшеюіне әкеліп отырғаны жасырын емес. Әлеуметтік желідегі тіл мәдениетінің төмендеуінің бір салдары осында жатыр.

Әлеуметтік желілердегі қарым-қатынастың салыстырмалы түрде анонимділігі (жасырындығы) желі қолданушыларына жалған атпен шығуына, басқа біреудің атын жамылуға негізгі себепкер болып отыр. Осы жағдай әлеуметтік желідегі бассыздыққа, зауалсыздыққа (жазасыздыққа), жауапкерсіздікке, тілді шұбарлауға әкелетін тағы бір фактор деп санаймыз. Өзінің ешқандай жауапқа тартылмайтындығын жақсы білетін кейбір желі қолданушылары (әсіресе, жастар қауымы) қарым-қатынас барысында түрлі дөрекі әрекеттерге барады, бұл тілді қолдануға да тікелей қатысы бар. Осындайлардың кесірінен әлеуметтік желі тілі тұрпайы қолданыстарға, тіл мәдениетінен ауытқушылыққа, сөйлеудің арзанқол сипат алуына жол беріп отыр. Орысша жаргон сөздер мен сленгтерге беталды елігу – соның бір мысалы. Қазақ тілінде де дөрекі сөйлеу мысалдары кездесіп қалады: *Мал, тіліңе ие бол; Өлсейіңші*, т.б.

Кейбір зерттеушілер әлеуметтік желінің ерекшеліктерін ескеріп, Интернет-қатынастағы бейберекетсіздік пен ретсіздік жайында ойланудың қажеті жоқ деген пікірде, А.В. Занадворова осы орайда оның өзіндік нормасы бар, ол норма бейресми ауызша қарым-қатынас пен жазбаша қатынастың нормаларына негізделген көзқарас ұстанады [7, 94-б.]. М.А. Кронгауз желілік этикет дәстүрлі нормадан соншалықты ауытқымаған, бар болғаны оны толықтырады [8, 124-б.].

Желілік этикет, әдетте, үш категориядан тұрады: психологиялық ережелер (әңгімелесушімен қалай сөйлесу керек), әкімшілік ережелер (қауымдастық қатынасушыларының, сайтқа кірушілердің, т.б. әрекеттерін реттеу), тілдік ережелер (хабарлама мәтіндерін жазу, сауаттылық, т.б.) [9, 12–14-бб.].

Желілік этикеттің негізгі белгілеріне мыналарды жатқызады: желі қолданушыларының иесізденуі (никнеймдер) немесе интернет қатынасқа тән атаулар (модераторлар, форум қатысушылары, желі қолданушылары, т.б.); коммуникативтік қашықтық маңыздылығының жойылуы (ресми емес қатынастың басымдылығы, қарым-қатынастағы «сен»-нің басымдық танытуы, аты-жөнін сирек атау, адресаттың жалпылануы); этикет компоненттері рөлінің төмендеуі.

Желі қолданушылар әрекетінің жалпы ережелері дәстүрлі этикетке жақын: қарым-қатынас компьютермен емес, нақты адаммен жүргізіледі, әңгімелесушіге деген құрмет болады, қарым-қатынастың тыңдаушы жаққа да ыңғайлы болғанын қалау, өзгенің уақытын құрметтеу (хабарламаларды шамадан тыс көп жібермеу, жіберілетін файлдардың көлемін сақтау, онлайн хат-хабар алмасуда мәжбүрлемеу, деркезінде жауап беру, адресаттың жұмыс уақыты кезінде үздіксіз дауыс хабарламаларын жібермеу, т.т.); өзге желі қолданушыларының

намысына тимеу, оларды кемсітпеу; кірген қауымдастықтың қағидаларымен міндетті түрде танысу; жеке хат-хабар алысудың деректерін таратпау, құпиялылықты сақтау, т.б. Бұдан басқа жазылмаған ережелерді қадағалау керек, желі қолданушысының нақтылығын тексеру, анонимділікті теріс пайдаланбау, «жалған» аккаунттардан ештеңе жазбау, жалған ақпараттарды таратпау, өзге қолданушыларды орынсыз айыптамау, жарнама материалдарын жариялаудан бас тарту, желіде алаяқтықпен айналыспау, т.б. Әлеуметтік желідегі тіл мәдениетінің сақталмауы осы қарапайым этикеттерді қолданбаудан немесе білмеуден туындайды.

Жалпы ғаламтор мәдениетіне қарама-қарсы тұстар мыналармен сипатталады. Олар электронды кеңістікте сөйлеу этикетінің нормаларына қайшы бірқатар жанрлар (фейк, троллинг және оның түрлері саналатын флейм, флуд, оффтоф, т.т.) өмір сүретіндігі.

«Фейк» деп аталатын парақшалар («фейк» – сленг, англицизм, ағылшын тіліндегі *fake* қазақша *өтірік* (жасанды), *жалған* деген мағынаны білдіреді) түрлі мақсатпен пайда болады: жарнама тарату; өзінің әрекеттерін белгілі бір нормаға сай шектегісі келмеу, жауапкершіліктен қаша отырып, пікірлерін қалай болса солай кез келген түрде жариялай беру; қоғамнан жеке ақпараттарды жасырып қалу ниеті немесе желідегі «достардан» шынайы профилін жасыру және т.б.

Фейктер көбінесе троллингтерге, интернет-арандатуларға, спам-таратуларға әкеп соқтырады, бұл өз кезегінде ғаламтордағы қарым-қатынасты жайсыздыққа ұшыратып, қатысушылардың психологиялық жағдайына теріс әсер етеді.

Спам – акроним, қысқарған күрделі сөз, сұраусыз және анонимді жасалған жаппай таратулар. Бұл сөз *spiced ham* – «дәмдеуіш қосылған ветчина», «бұрышталған шұжық», «бұрышталған ветчина» деген тіркестерден қысқартылып алынған. Спам терминінің жаңа мағынасы (қолданушыларды ығыр қылатын электрондық таратулар) 1993 жылы пайда болды. Usenet компьютерлік желісінің әкімшісі Ричард Детьюдін жасаған бағдарламасы қателікке жол беріп, салдарынан 1993 жылғы 31 наурызда конференциялардың біріне бірдей екі жүз хабарлама жіберілген. Бұған ренжіген әңгімелесушілер мұндай ығыр ететін хабарламалар үшін «спам» деген атауды ойлап тапқан екен.

Спам анықтамаларына жиі «жарнама» немесе «коммерциялық ұсыныс» деген сөздерді қосады, алайда олай емес. Спамның бәрі жарнамалық немесе коммерциялық мақсатты көздемейді. Саяси спамның таратылымдары, «қайырымдылық» спам хаттар («нигериялық», фишингтік), таныстарға тарату туралы өтініштері бар – «тізбекті хаттар» («бақыт хаттары», «қорқынышты хаттар»), вирусты және басқа да коммерциялық кәсіпорын болып табылмайтын хаттардың түрлері бар [10, 29–36-бб.].

Троллинг – дөрекі қарым-қатынас жасайтын, сонымен бірге әлеуметтік желілердегі топтарда арандатушылық жазбалар мен хабарламалар жариялайтын желі қолданушылары. Ғаламтордағы «тролль» деп өзін орынсыз, қатыгездігімен көрсететін, тіпті «мазақтайтын» және желі қолданушыларын балағаттап, теріс пікір айтуға итермелейтін адам деп айтады. Троллинг түрлері «флейм» (ойға сыймайтын «ақымақ» пікірлер жазу, әңгімелесушіні кемсіту), «флуд» (керегі жоқ ақпаратты қайталай беру), «оффтоп» (тақырыпқа еш қатыссыз хабарламалар) болып ажыратылады. Троллинг пен оның түрлерінің спамға қарағанда жағымсыз салдары көп болады. Олар арандатушылық мәтіндер жазады, қолданушыларды мазақ етеді, қорлайды, түсініксіз сұрақтар қояды. Олар қатынасты, оның өту барысын бұзады, тақырыптан ауытқып, әңгіме ауанын басқа жаққа бұрады. Мұндайлармен күресудің ең жақсы жолы – тыныштықты сақтау, оларды елемеу болып саналады.

Электрондық өзара әрекет нақты қарым-қатынасқа тән көптеген коммуникативтік шектеулерді қысқартады. Бұл қатынастың жаңа ережелері мен өзіндік этикет үлгілерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сөз еркіндігі, өзін-өзі таныту, анонимділік, қашықтық және желі қолданушыларының белгілі бір дәрежедегі жазаға тартылмауы жағымсыз салдарға

әкелуі әбден мүмкін, оларға сөйлеу агрессиясының кездесуі, тілдік, этикалық және этикет нормаларының бұзылуы, кибербуллинг қолдану (интернет-арандату) жатады.

Ал осыған қарама-қарсы ұғым – сыпайылық – қарым-қатынас сипаты мен желі стиліне ықпал ететін маңызды реттеуші болып табылады, онсыз коммуниканттар арасындағы өзара түсіністікке жету және үйлесімді қарым-қатынасты сақтау мүмкін емес. Сыпайылық категориясын, сөйлеу агрессиясын және олардың желі қатынасына тиімділік дәрежесін қарастырайық.

3. Ерназарова өзінің еңбегінде «Сыпайылық сөйлеушінің, ең бірінші, өзіне қатысты. Адамның білімі, мәдениет деңгейі, қызмет дәрежесі, өзіне, өз әрекетіне баға беруге, өзін сыйлай білуге, өзге де әрекет түрлерін сол түсінік ұғымдарға иек арта отырып, жүзеге асыруға итереді. Адам, белгілі бір қатынасқа түсуші адам, сөйлеу жағдайына, өз мақсатына қарай тіл бірліктерін таңдайды. Бірақ бұл процесс оның өз санасында қалыптасқан «өзіне берілетін баға» тұрғысынан іріктеліп, «сүзгіден» өтеді. Сұраулы сөйлемдердің өтінішті білдіруші қызметтері, нақтылау мәнді хабарлы сөйлемдердің қарсылықты, мақұлдауды білдіруі және т.б. – сол өзіне және өзгеге қоятын сыпайылықтан туған қажеттіліктер» [11, 150-б.].

А. Қобыланова «сөз этикетінің арнаулы функциясының бірі – сыпайылық білдіру функциясы» деп атай отырып, оның ұжым мүшелерінің, адресат пен адресанттың аралығында сыпайылықты сақтау, сол арқылы қарым-қатынасты жалғастыру міндетін атқаратындығына назар аударады [6, 8-б.].

Көптеген зерттеушілер сыпайылықты этикет категориясын құраушылардың бірі ретінде қарастырады. Бұл өте дұрыс, өйткені сыпайылық пен этикет өзара тығыз байланыста, бір медальдің екі жағы тәрізді – сыпайы қарым-қатынас қалыптастырады. Этикеттің өзі адамдардың сыртқы көріністерге қатысты туындайтын өзін-өзі ұстау ережелерінің, сыпайылықтың, әдептіліктің тілдік формаларының жиынтығы.

Сонымен бірге «сыпайылық» және «этикет» сыпайы қарым-қатынасты тудыратын ұғым ретінде мағыналық жағынан ажыратылады: этикет – бұл қарым-қатынастың коммуникативтік ережелерінің жиынтығы болса, ал сыпайылық – сол үйлесімді қарым-қатынас пен өзара түсіністікке бағытталған коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың жүйесі.

Қазақ сөйлеу этикетінде сыпайылықты білдіру екі ыңғайда көрініс табады: 1) сөз этикетінде *сіз, сен, ол кісі, біз (мен), өзіңіз*, т.б. есімдіктердің қолданылу ерекшеліктері мен осылар арқылы білдіретін арнаулы мағыналар; 2) *Кешіріңіз, мүмкін болса, айып етпеңіз, қалауыңыз білсін*, т.б. этикеттік қыстырмалардың орнымен қолданылуы.

Әлеуметтік желі қатынасына да осындай сыпайылықты білдіретін қолданыстар тән. Тыңдаушы (екінші қолданушы) қызығушылығын білуге тырысу, оны қызықтыратын тақырыпты сөзету, сөйлеу этикетін орынды пайдалану, сөзге тарта білу, жағдаятқа сәйкес келетін сөйлеу этикеттерін, әртүрлі жағдайдағы стандартты тілдесуді (сөйлесу) жақсы меңгеру сыпайылықтың негізі. Әлеуметтік желілердегі сөйлеу қызметінің функциясына хабар (мәлімет) беру, көрсету, сипаттау, дәлелдеу, иландыру, көндіру, нақтылау, түсінік (болжам) беру болса, прагматикалық көрсеткіші қуанту, ренжіту, таңғалдыру, тыныштандыру, ашындыру, ұялту, сынау, дауласу (талас), айыптау, т.б. жатса, соның барлығында сыпайылықтың тілдік көрсеткіштері қатысуы тиіс.

Сыпайылық үйлесімді, әдепті қарым-қатынастың сақталуына негіз болса, осыған керісінше әдепсіз қарым-қатынас тудыратын жағдайлар да әлеуметтік желіде жиі ұшырасады. Әдепсіз қарым-қатынас тіл мәдениетінің төмендеуіне, сақталмауына әкеп соқтырады, оның салдары – жағымсыз. Мұндай келеңсіздікті тудыратын қарым-қатынас сөйлеу агрессиясы арқылы беріледі.

Сөйлеу агрессиясы жайында «Қазақстандағы әлеуметтік желілердегі өшпенділік тілінің мониторингі» атты арнайы жобада былай деп жазады (Жобада *сөйлеу агрессиясы* «тілдік

агрессия» терминімен беріледі – З.К.): «ренішті сөз айту, жағымсыз көңіл-күй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы тілдік қалыпта білдірілуі» [12, 49-б.].

Сөйлеу агрессиясы екі түрде беріледі: 1) жағымсыз, теріс эмоция мен сезімді (ыза, көңілі толмау, шаптығу, өкпе, жеккөрушілік, айыптау, жақтырмау, т.т.) білдіру; 2) адресанттың адресатқа қарым-қатынас барысында зиян келтіруге мақсатты түрде бағытталған теріс пиғылы немесе өз мүдделерін «тыйым салынған» тәсілдермен іске асыруы [12, 50-б.].

Сөйлеу агрессиясының пайда болуы үш түрлі себепке байланысты болады: әлеуметтік-психологиялық, жалпы мәдениет және жеке себептерге байланысты.

Аталған жоба авторларының (А. Алтаева) көрсетуінде, сөйлеу агрессиясы желілерде негізінен мына топтарға бағытталады: 1) биліктегілер, шенеуніктер, бюрократтар, басшылар; 2) этникалық топтар; 3) өзге дін өкілдері [12, 50-б.].

Сөйлеу агрессиясын тудыратын желі қолданушылардың түрін «агрессорлар» деп атаймыз. Агрессорлардың тілінде қарым-қатынас жасау барысында қарсы топтағы адамдарды мұқату (беделін түсіру) стратегиясы жатады. Ойдан шығарылған есімдерді қолдана отырып, арандату әрекеттерін жасауы мүмкін. Хабарламалар арқылы адамдар арасында қақтығыс туғызып, тіл тигізіп қорлайды, сөйлеу агрессиясын тудырады. Комментарийлерден мысал келтірсек:

Мұндай өтірік тақырыпты сүмелек, саржағал БАҚ қояды (мұқату);

Мал тіліңе ие бол (дөрекілік);

Сасык. Жерине еге болып алсай. Өзге елде. Нен бар. Санасы. Жауыздықпен уланған. Өз. Ата-анасына. Жаксылық жасай алмайтын. Тексиз неме (Кемсіту);

Немесе алаш зиялыларының есімін көше атауларына берілуін қолдамаған аудан әкімінің бейнежазбадағы орысша сөзіне жазылған комментарийлер:

– Көшеге есімді де беру, асфальтті де жасау, т.с.с. қыруар міндеті бар ғой әкімнің... Неге сонша шүйлігіп отыр, Онамастикалық комиссия өз жұмысын атқарып отыр. Шаш ал десе бас алар десек, мынау шашты да ала алмайды, патшағар!

– ар намысты білмейтін – тексіздер, һайуаннан тезегі басқа жемейма – осындайларға

– не бәле мынау! Қай ел? Біздің елдің аудандары мемлекеттік тілде іс жүргізбей ме сонда? Өзге тілде тілі шыққан адамның өз еліне ешқашан бүйрегі бұрмайды, жаны ашымайды. Мынау соның дәлелі

– мәңгүрт, ұлтсыз неме екен, сосын шыли дөрекі

– Шікірейген шенеунік 😞

– ай сорлы қазақ орысша сөйлесем бай, ақылды, данышпан болып көрінем деп 🧑

Әкімнің сөзін келемеждеу түрлі жолдармен берілген, тұрмыстық-қарапайым лексика *патшағар, тексіз, һайуанның тезегі, сорлы*, мақал-мәтелді бұрмалап алу арқылы, «Шаш ал десе бас алады» нұсқасының «шашты да ала алмайтындығын» тілге тиек ету, сұраулы сөйлемдердің ауызекілік интонациямен берілуі *Неге сонша шүйлігіп отыр, не бәле мынау* тәрізді, *бай, ақылды, данышпан* сапалық сын есімдерінің салыстыру мақсатында қолданылуы арқылы. Варваризмдер де (*лох, тупой, козел*, т.т.) агрессорлар тілінде жиі ұшырасатын тілдік көрсеткіштердің бірі. Жалпы сөйлеу агрессиясы, сөйлеу мәдениетінің жұтандығы ғаламтор тілінде көп кездеседі, тіпті дөрекі тілмен сөйлесетін топтар да кездесіп жатады, кейде нақты желі қолданушысы мен жалған тролльдарды ажырату қиынға соғады.

Біз әлеуметтік желіде «Фейсбук батырлары», «ас үйдегі оппозиция» сияқты қолданыстарды жайдан жай қолданбаймыз, желінің анонимділігін теріс пайдалана отырып, қолданушыларды кемсітетін, қорлайтын, олардың ар-намысына нұқсан келтіретін, құқығына қол сұғатын жайттарға қарата айтамыз. Мұндай теріс пиғыл тіл мәдениетінің төмендеуіне әкеп соғады.

Осымен байланысты виртуалды қатынастың мынадай өзіндік ерекшелігін атап өтеміз: көрсетілген коммуниканттар типі нақты өмірдегідей шынайы болмауы мүмкін, өйткені жалған парақшалар болуы мүмкін, желіде кез келген жазбаны жоюға болады, ұнамаған желі қолданушыларын «қара тізімге» енгізуге болады, репост жасау мүмкіндігі бар, қысқасы, желіде қолданылатын стратегиялар мен тактикалар шынайы өмірдегі адамдардың әрекетіне сәйкес келмеуі де мүмкін.

Қорытынды

Әлеуметтік желілерде тіл мәдениетін сақтау, ғаламтордың өркендеуіне қарамастан, назардан тыс қалмауы керек. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер ғаламтор тұтынушыларының таптырмас сенімді серігіне айналды. Көптеген адамдар әртүрлі тақырыптарды қозғау үшін де, әртүрлі заттарды жарнамалау үшін де, тіпті қызықты мәселе бойынша көпшіліктің пікірін білу үшін де осы желілердің көмегіне жүгінетіні белгілі. Бүгінгі таңда ең белсенді және кең таралған әлеуметтік желілердің «ВКонтакте», «Instagram», «Facebook», «Twitter», «WhatsApp» және т.б. пайдаланушылары санының артуы соның дәлелі.

Сонымен бірге әлеуметтік желі ауызша және жазбаша қатынас түрлерімен сөйлеу барысындағы сөйлеушінің қатысы мен атқаратын қызметі жағынан, дайындықсыздық немесе алдын ала дайындалғандығы бойынша, игерілу және қабылдау тәсілдері тұрғысынан, өмір сүру формалары мен нормалану дәрежесі, бейвербалдылықтың қатысуы мен қолданылу нәтижесі бойынша салыстырылды. Қазақ тілі әлеуметтік желіде белсенді қолданылатын шынайы факті ретінде өмір сүреді. Ғаламтор тілінің мәдениетінде оған кері әсер ететін факторлар оның бірқатар жанрлары, айталық, фейк, троллинг және оның түрлері саналатын флейм, флуд, оффтоф, т.т. өмір сүреді. Ғаламтор тілінің мәдениетінде үйлесімді қарым-қатынас құруда сөйлеу сыпайылығының орны ерекше. Сондай-ақ оған кері құбылыс сөйлеу агрессиясы да әлеуметтік желі тілінде жиі ұшырасады. Сөйлеу агрессиясын неғұрлым азайту ол желі қолданушыларының жауапкершілігіне, шынайылығына, ғаламтор мәдениетін терең игеруіне, құзыреттілігіне байланысты.

Қорыта келе, әлеуметтік желіде түрлі жолдармен келемеждеу сөздердің қолданысына шектеу қою, тұрмыстық-қарапайым лексикаларды пайдалануда түсінікті әдеби тілде орын алған сөздерді қолдану, мақал-мәтелдерді бұрмаламай, сол қалыпты нұсқасында ұсынуды қатаң бақылауға алу керектігін ұсынамыз. Сондай-ақ түрлі үлгіде қолданылатын варваризмдерді де (*лох, тупой, козел, т.т.*) тілдің мәдениетіне кері әсер беретінін ескере келе, сөйлеу мәдениетін арттыру мақсатында оларға да белгілі деңгейде тыйым салуды қарастыру қажет деп санаймыз. Өйткені бүгінде әлеуметтік желіде қолданыс тапқан сөздердің қолданысы жалпыхалықтың, оның ішінде, әсіресе, жастардың сөйлеу мәдениетіне кері әсерін тигізіп келеді. Сондықтан желі қолданушылардың да сөйлеу мәдениетіне ерекше мән беруіміз керек. Мұндай теріс пиғылды агрессия тілі желі қолданушыларының тіл мәдениетінің төмендеуіне көп септігін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. Кітапта: Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
2. Үдербаев А. Ғаламтор және қазақ тілінің жаңа кеңістігі // Ана тілі газеті. [Электронды ресурс]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41454> (Қаралған күні 02.03.2017)
3. Сәйдірахмен Ұ. Бүгінгі қазақстандық БАҚ бұқаралық па? // EL.KZ ақпараттық-танымдық интернет порталы. [Электронды ресурс]. URL: https://el.kz/news/nauka/bugingi_kazakstandik_bak_bukaralik_pa/ (Қаралған күні 16.11.2018)
4. Байтілес Е. Желі мен желім // Егемен Қазақстан. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/39309-zheli-men-dgelim> (Қаралған күні 18.02.2015)

5. Слямбекова Қ. Қазақ тілінің интернет кеңістігіне бейімделуі – Intil // Мемлекеттік тілді дамыту институты [Электронды ресурс]. URL: https://mtdi.kz/m/til_sayasaty/id%20/164/q/2 (Қаралған күні 02.05.2017)
6. Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті. – Алматы: ЖАК-тың баспа орталығы, 2001. – 120 б.
7. Занадворова А.В. Саморегуляция в нерегламентируемых сферах интернет-общения: речевой этикет в Живом журнале // Современный русский язык в интернете: сб. / ред. Я.Э. Ахапкина, Е.В. Рахилина. – М., 2014. – С. 93–113.
8. Кронгауз М.А. Утомленные грамотой // Новый мир. – 2008. – №5 [Электронный ресурс]. URL: https://magazines.gorky.media/novyi_mi/2008/5/utomlennye-gramotoj.html (Қаралған күні 16.11.2018)
9. Путилина Л.В. Нормы речевого общения в процессе интернет-коммуникации // Приоритетные направления развития науки и образования: сборник статей Международной научно-практической конференции. – Пенза, 2018. – С. 12–14.
10. Колмогорова А.В. Речевой субжанр «нигерийские письма» как одна из форм коммуникативной манипуляции // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. – 2012. – №19(1). – С. 29–36.
11. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф. – Алматы, 2001. – 193 б.
12. Банников П. Қазақстандағы әлеуметтік желілердегі өшпенділік тілінің мониторингі. – Алматы: Medianet ХЖО, 2017. – 80 б.
13. Crystal D. Language and the Internet – Cambridge, 2001. – 272 s. // <https://www.cambridge.org/core/books/language-and-the-internet/25A063BB182BF1582C6876B83DDCEE7A>
14. Fairclough N.L. Linguistic and Intertextual Analysis within Discourse Analysis // Discourse and Society. – Lnd, 1990. – P. 193–217.

REFERENCES

1. Syzdyk R. Til madenieti jane onyn problemalary [Language culture and its problems]. Kitapta: Tildik norma jane onyn kalyptanuy (kodifikaciiasy). – Astana: Elorda, 2001. – 230 b. [in Kazakh]
2. Uderbaev A. Galamtor jane qazaq tilinin jana kenistigi [The internet and the new space of the Kazakh language] // Ana tili gazeti. [Electronic resource]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41454> (Qaralghan kuni 02.03.2017) [in Kazakh]
3. Saidirahmen U. Bugini qazaqstandyq BAQ buqaralyq pa? [The impact of Information Technology on the development of traditional media] // EL.KZ aqparattyq-tanymdyq internet portaly. [Elektronic resurce]. URL: https://el.kz/news/nauka/bugini_kazakstandik_bak_bukaralik_pa/ (Qaralghan kuni 16.11.2018) [in Kazakh]
4. Baitiles E. Jeli men jelim [Network and glue] // Egemen Qazaqstan. [Electronic resource]. URL: <https://egemen.kz/article/39309-zheli-men-dgelim> [in Kazakh]
5. Sliambekova Q. Qazaq tilinin internet kenistigine bejimdeldui – Intil // Memlekettik tildi damytu instituty, Almaty: [Electronic resource]. URL: https://mtdi.kz/apital/til_sayasaty/id/164/q/2 [in Kazakh]
6. Kobylanova A. Qazaq soz etiketi [Kazakh word etiquette]. – Almaty: JAK-tyн баспа орталығы, 2001. – 120 б. [in Kazakh]
7. Zanaadvorova A.V. Samoreguliaciia v nereglamentiruemyh sferah internet-obshheniia: rechevoi etiket v Jivom jurnale // Sovremennyi russkiy iazyk v internete: sb. / red. Ia.E. Ahapkina, E.V. Rahilina. – M., 2014. – S. 93–113. [in Russian]
8. Krongauz M.A. Utomlennye gramotoi // Novyi mir. – 2008. – №5 [Electronic resource]. URL: https://magazines.gorky.media/novyi_mi/2008/5/utomlennye-gramotoj.html (Qaralghan kuni 16.11.2018) [in Russian]
9. Putilina L.V. Normy rechevogo obshheniia v processe internet-kommunikacii // Prioritetnye napravleniia razvitiia nauki i obrazovaniia: sbornik statei Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii. – Penza, 2018. – S. 12–14. [in Russian]
10. Kolmogorova A. V. Rechevoi subjanr «nigeriyskie pisma» kak odna iz form kommunikativnoi manipuliacii // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta kulture i iskusstv. – 2012. – №19 (1). – S. 29–36. [in Russian]

11. Ernazarova Z. Soileu tili sintaksisinin pragmalingvistikalıyq aspektisi: filol. gyl. d-ry ... diss. avtořef. [Pragmalinguistic aspect of the syntax of spoken language]. – Almaty, 2001. – 193 b. [in Kazakh]
12. Qazaqstandagy aleumettik jelilerdegi oshpendilik tilinin monitoringi [Monitoring the language of hatred in social networks in Kazakhstan] / Qurastyrgan P. Bannikov. – Almaty: Medianet HJO, 2017. – 80 b. [in Kazakh]
13. Crystal D. Language and the Internet – Cambridge, 2001. – 272 s. // <https://www.cambridge.org/core/books/language-and-the-internet/25A063BB182BF1582C6876B83DDCEE7A>
14. Fairclough N.L. Linguistic and Intertextual Analysis within Discourse Analysis // Discourse and Society. – Lnd, 1990. – P. 193–217.